

10-сынып оқушыларына арналған сұрақтар

1. Ежелгі дәуір әдебиетінің асыл мұраларын атаңыз.
2. «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жыры қай кезеңге жатады және шығарманың негізгі идеясын атаңыз.
3. Т. Медетбектің қай өлеңдерінен ежелгі әдеби дәстүр сарынын байқауға болады?
4. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріне мысал келтіріңіз.
5. Ұлттық салт-дәстүріміздегі батаның құндылығын қалай түсінесіз?
6. Миф дегеніміз не? Қандай мифтік шығармаларды білесіз?
7. Қазақ әдебиетінде кездесетін діни әңгімелерді талдаңыз.
8. Метонимия дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
9. Құбылту, яғни троп дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
10. Анафора дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
11. Эпифора дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
12. С. Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңіндегі жас ұрпаққа меңзеген тәрбиелік ойды қалай түсінесіз?
13. С. Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңін арқау етіп, екі қасиеттің ара-жігін ажыратыңыз.
14. Әдебиет тарихы деген ұғымның мағынасын түсіндіріңіз.
15. Тарихи шындық дегеніміз не? Тарихи шындыққа негізделген шығармалар ретіне мысал келтіріңіз.
16. С. Сейфуллин «Далада» өлеңінде асау тұлпардың шабысын қалай суреттейді?
17. Ғ. Мүсіреповтың аналар тақырыбындағы шоқтығы биік туындыларын атаңыз.
18. Инверсия дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
19. Сарказм дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
20. Образ дегеніміз не? Жіктелу типіне мысал келтіріңіз.
21. Сатиралық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
22. Романтикалық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
23. Эпикалық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
24. Әдебиет сыны деген ұғымның мағынасын түсіндіріңіз.
25. А. Сейдімбектің шығармаларын атай отырып, негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
26. Қадыр Мырза Әлінің «Кәрі қыран» өлеңіндегі қыранды суреттеу шеберлігін мысалдармен дәлелдеңіз.
27. Ш. Қанайұлының «Зар заман» толғауын жатқа айтып беріңіз.
28. І. Жансүгіров «Күйші» поэмасында Қарашаш бейнесін қалай суреттеген?
29. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының негізгі тақырыбы мен идеясын талдаңыз.
30. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында кездесетін суреттеу тәсілдеріне мысал келтіріңіз.

31. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының негізгі тақырыбы мен идеясын талдаңыз.
32. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында Ұлпанның болмысы қалай суреттелген?
33. Прототип дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
34. Хандық дәуір әдебиеті кезеңінің өкілдерін атаңыз. Шығармаларына мысал келтіріңіз.
35. Бұқар жырау өмір сүрген ханның кезеңіндегі арнау өлеңдерге мысал келтіріңіз.
36. Жырау дегеніміз кім? Жыршыдан қандай айырмашылығы бар?
37. Толғау дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
38. І. Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған шығармаларын атаңыз.
39. І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесі
40. І. Есенберлиннің «Жанталас» романында қай хан тарих сахнасынан көрініс беріп, ерлігімен суреттеледі?
41. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының негізгі өзегі мен алтын желісін қалай түсіндірер едіңіз?
42. Ж. Аймауытовтың сыни мақалаларын атаңыз.
43. Ж. Жабаевтың ұлттық рух төңірегінде жазылған қандай арнау өлеңдерін білесіз?
44. М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында қай көлдің пейзажын бейнелеген және қандай суреттеу тәсілін қолданған?
45. М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында тәуіп шал ауру баланы емдеудің қандай жолын ұсынды?
46. Қ. Жұмаділовтың «Қаздар қайтып барады» шығармасындағы қарттың туған жеріне жеткен кездегі алғашқы әрекетін атаңыз.
47. Д. Бабатайұлының «Аягөз, қайда барасың?» өлеңіндегі замана шындығын әңгімелеңіз.
48. Д. Бабатайұлының «Еспенбет» дастанындағы басты кейіпкердің типін суреттеп, талдаңыз.
49. М. Өтемісұлының елдік, ерлік тақырыбындағы өлеңдерін атаңыз және бір өлеңнен үзінді келтіріп, жатқа оқыңыз.
50. М. Өтемісұлының жалғыздық тақырыбына арналған өлеңдерін атаңыз.
51. М. Өтемісұлының өлеңдеріндегі Исатай бейнесінің сомдалуына мысал келтіріңіз.
52. Айтыс дегеніміз не? Айтыс түрлеріне мысал келтіріңіз.
53. «Сүйінбай мен Қатаған айтысында» көтерілген басты тақырыпты атаңыз.
54. Қ. Күржіманұлы өлеңдеріндегі ізгі қасиеттердің дәріптелуі мен әділетсіздіктің сыналуын дәйектеніз.
55. М. Әуезов атаған «Зар заман ақындары» кімдер?
56. М. Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығы туралы айтыңыз.
57. Ш. Уәлиханов туралы жазылған шығармаларды атаңыз.
58. Ш. Уәлиханов және оның зерттеушілік қыры жөнінде әңгімелеңіз.
59. Ш. Уәлиханов туралы айтқан өзге ғалымдардың пікірлеріне мысал

келтіріңіз.

60. Әлеуметтік теңсіздік тақырыбына арналған шығармаларды атаңыз.

61. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі тәрбие тағылымын талдаңыз.

62. А. Құнанбайұлының қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарын атаңыз.

63. А. Құнанбайұлының «Ескендір» дастанының негізгі тақырыбы мен идеясын анықтаңыз.

64. Абай мен Шәкәрім шығармаларының үндестігін ашыңыз.

65. М. Ж. Көпейұлының фольклортанушы екендігін айқындайтын шығармаларын атаңыз.

66. М. Ж. Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанының көтерген тақырыбы мен идеясын анықтаңыз.

67. Н. Орманбетұлының «Сарыарқа, сайран жерім-ай» өлеңіндегі заман кейпін талдаңыз.

68. Өнші-ақындар шығармашылығына мысал келтіріңіз.

69. Біржан сал шығармашылығы және оның ақындық, сазгерлік қырының қалыптасуына ықпал еткен ұстаздарын атаңыз.

70. Ақан серінің әйел теңсіздігін жырлаған өлеңдерін атаңыз.

10-сынып оқушыларына арналған сұрақтардың жауабы:

1. Ежелгі дәуір әдебиетінің асыл мұраларын атаңыз: *«Орхон – Енисей» ескерткіштері, «Күлтегін» жыры, «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жыры, «Қорқыт ата кітабы», «Кодекс Куманикус», «Мұхаббатнаме», «Жүсіп-Зылиха», «Гүлстан» т.б.*

2. «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жыры қай кезеңге жатады және шығарманың негізгі идеясын атаңыз: *(б.з.д. VII ғ. – б.з. VII ғ.) (Алып Ер Тұңға – өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі. Иранның ұлы ақыны Фирдоусидің «Шаһнама» кітабының (XI ғ.) кейіпкері болған. Онда Алып Ер Тұңға – Афрасияп Тұранның (Түр елі – түркілер) патшасы болып суреттеледі. Ақыл-айласымен, күшімен, біліктілігімен ел есінде мәңгілік қалған тарихи тұлға).*

3. Т. Медетбектің қай өлеңдерінен ежелгі әдеби дәстүр сарынын байқауға болады?: *«Көк түріктер сарыны», «Тағдырлы жылдар жырлары», «Аңқа кептірген аңызғақ» т.б.*

4. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріне мысал келтіріңіз: *Халық ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.*

1846 жылы ағылшын Вильям Томс ұсынған «фольклор» (ағылшынша folk — халық, lore — білім, даналық) сөзі де халық ауыз әдебиеті атауы үшін халықаралық ғылым атау ретінде орныққан. Халық ауыз әдебиеті жанрлық

құрамы жағынан да сан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім т. б.), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар... – міне, халық ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді.

5. Ұлттық салт-дәстүріміздегі батаның құндылығын қалай түсінесіз?

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда т.б. адам өмірінде кездесетін ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық бата тілегі болады.

6. Миф дегеніміз не? Қандай мифтік шығармаларды білесіз?

«Миф» сөзінің шығу төркіні көне гректің *mythos* – әңгіме, әңгімелеу, баянша, аңыз – деген ұғымынан бастау алады; оның латынша аналогы *fabula* (әңгімелеу, мысал). Жаңа уақытта миф ойдан шығарылған оқиға емес, «құдайлар мен аңызға айналған қаһармандар т.б.» турасындағы алыс дәуірлердің тарихи құндылығы ретінде басқаша ұғыныла бастады.

7. Қазақ әдебиетінде кездесетін діни әңгімелерді талдаңыз:

«Қасиетті Құран Кәрім жайында», «Адам ата», «Ысмайыл», «Зәмзәм» т.б.

8. Метонимия дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Метонимия – екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі. Мысалы, әйелді – ақ жаулық, әскерді – қол, бүркітті – ақиық, мұзбалақ, қылышты – наркескен дейді.

9. Құбылту, яғни троп дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өзін айналдырып айту.

10. Анафора дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Әдепкі қайталау немесе анафора деп өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталуын айтады.

11. Эпифора дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Кезекті қайталау яки эпифора дегеніміз өлеңдердегі сөйлемнің әсерлілігін күшейту үшін белгілі бір сөз тіркесінің жол аяғында қайталануы.

12. С. Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып»

өлеңіндегі жас ұрпаққа меңзеген тәрбиелік ойды қалай түсінесіз?

Бұл өлеңді ақын өзінің ұстазы Нұрғалиға арнаған. Өзінің досы, туысы Шайбай Аймановқа хат арқылы жолдаған. Өлең 1913 жылы жазылып, 1922 жылы Қазан қаласында «Адасқан өмір» кітабында жарияланған. С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңіндегі лирикалық қаһарман – ақынның өзі, яғни ақынның тұлғасы танылып тұр. Лирикалық шығармаларда ақын тұлғасы өлең кейіпкерімен тұтасып, кірігіп кетеді. Ақын өз атынан сөйлей отырып, сол дәуірдегі ұрпақтың мұрат-мақсатын, арман-аңсарын, сезім-күйін жырға қосады.

13. С. Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңін арқау етіп, екі қасиеттің ара-жігін ажыратыңыз: *Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай, Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. Жақсының сөзін әркім пайдаланар, Миуалы алма, өріктің ағашындай. Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр, Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай. Жақсы кісі көрінер жыл құсындай, Жаман адам балтаның ұңғысындай.*

14. Әдебиет тарихы деген ұғымның мағынасын түсіндіріңіз:

Әдебиет тарихы – әр халықтың әдебиетін тарихи қалыптасу тұрғысында қарастырып, дәуірге бөліп, әдеби бағыттарды, оған үлкен үлес қосқан ірі жазушылар шығармашылығын нақтылы зерттейді.

15. Тарихи шындық дегеніміз не? Тарихи шындыққа негізделген шығармалар ретіне мысал келтіріңіз: *Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын мысалға келтіруге болады.*

16. С. Сейфуллин «Далада» өлеңінде асау тұлпардың шабысын қалай суреттейді?

*Танаулары шелектей,
Ырсылдап демі көріктей,
Көздері оттай, өріктей.
Өрге қарай орғыса,
Өр не қылмақ асауға?
Жел не қылмақ асауға?
Желге қарай орғыса...*

17. Ғ. Мүсіреповтың аналар тақырыбындағы шоқтығы биік туындыларын атаңыз: *«Адамның анасы», «Ананың арашасы», «Өлімді жеңген ана», «Ақлима», «Ұлпан», «Ана шешемі айнымайды», «Ана жыры» т.б.*

18. Инверсия дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: *Инверсия – сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі. Поэзияда да, прозада да қолданылады. Мысалы, «Сен құрметте оны. Түсіндің бе, қарағым. Ол ақшаға сатқан жоқ, Тізеден кесіп аяғын» (Ә.Сәрсенбаев). Қазақ жазушыларының ішінде инверсияны Ғ.Мұстафин жиі пайдаланды:*

«Сапардың Аманы ... шаңқан боздың басынан аса секіретердей, еріне көтеріле, ұмтыла берді алға...» («Дауылдан кейін»).

19. Сарказм дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Сарказм – қазақша мысқыл, зілді кекесін. Сарказм – иронияның ұлғайған түрі делінеді. Екеуінің де негізі күлкі. Адамның не өмір құбылысының белгілі бір жағын күлкі ету, шешу, мысқал ету. Бірақ екеуінің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да бар.

20. Образ дегеніміз не? Жіктелу типіне мысал келтіріңіз: Образ, көркем образ – шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория. Образ әдеби тек тұрғысынан үш түрге:

1. эпикалық;

2. лирикалық;

3. драмалық болып бөлінсе, жасалу тәсіліне

қарай юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, геройлық, т.б. болып бөлінеді. Көркемдегіш сөздер (эпитет, теңеу, метафора, т.б.) ауыз әдебиеті шығармаларында мол кездеседі. Образ – әр дәуірге, әр әдебиетке сай үнемі дамып, жаңарып отыратын категория.

21. Сатиралық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Сатиралық образ – ұнамсыз тип. Сатира өмірдегі кеселді келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті оған түңілтеді. Күні өткеннің, тозып біткеннің кедергіге айналғанын аңғартып, оған адам бойынан жиреніш шақырады.

22. Романтикалық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз:

Романтикалық образ – әдебиеттегі адам бейнесінің байырғы түрлерінің бірі болып табылады. Бұл образдың, алғашқы үлгілері баяғы көне дүние әдебиетінде, оның «әрі өнген топырағы, әрі байлық қоры» боп табылатын мифте, қала берсе, қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде жатыр. Әрқашан алға, алысқа, арманға асыққан халықтың қиялы да телегей – теңіз. Романтикалық образдың негізінде қиял жатады.

23. Эпикалық образ дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Портрет пен мінездеу, диалог пен монолог, түрлі де сезімдер және характерлерді суреттеу сияқты көркем бейне тудырудың көп әрі түрлі амал-тәсілдері, әсіресе осы эпикалық образ үшін аса қажет.

24. Әдебиет сыны деген ұғымның мағынасын түсіндіріңіз: Әдебиет сыны көркем шығармаларға талдап баға беру, олардың идеялық мазмұнын, қоғамдық мәнін, басты көркемдік ерекшеліктерін ашып беруді мақсат етеді.

25. А. Сейдімбектің шығармаларын атай отырып, негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз: «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Тауға біткен жалбыз», «Аққыз», «Кеніш», «Серпер» т.б.

26. Қадыр Мырза Әлінің «Кәрі қыран» өлеңіндегі қыранды

суреттеу шеберлігін мысалдармен дәлелдеңіз: Қыранды асыл текке жатқызады, алғыр, әлі жететін, шамасы келетіндердің ішінен көзіне шалынғанын жібермейді. Жалынды, қайсар, табанды, жүректі құс, қырағы көз...

27. Ш. Қанайұлының «Зар заман» толғауын жатқа айтып бер.

Заман күйі, ар-ұят, адамгершілік, саяси билік, сауда, дін, иман, ұрлықтың көбейгені, әділеттің жоқтығы, күнкөріс жайы, саяси кіріптарлық т.б. мәселелер қозғалған жыр.

28. І. Жансүгіров «Күйші» поэмасында Қарашаш бейнесін қалай суреттеген? *Қарашаш – ақылы дария, алтын басы, әйелдің ақсұңқары, ханзадасы. Өз басын мың қараға теңгермейтін, Кененің кеңесінің ақылдысы. Поэманың соңында күйші тоқсан күйді қайта тамылжытып, сорғалатып, қыз көңілін аулап, енді еліне, үйіне қайтқысы келген арманын күй арқылы ханшаға білдіреді.*

29. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының негізгі тақырыбы мен идеясын талдаңыз: *Романда феодалдық-рушылдық ортада қорлық көрген қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді. Ақбілек – Қазан төңкерісі нәтижесінде білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі.*

30. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында кездесетін суреттеу тәсілдеріне мысал келтіріңіз: *Еліміздің Шығыс өңіріндегі, әлемге аян Алтай өңіріндегі ақыл көріністері, Ертіс-Күріш сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң-құс, жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері, этнографиялық этюдтер, яғни қазақ тұрмысы мен заман көріністері, адамдар арасындағы қатынастар шебер бейнеленген.*

31. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының негізгі тақырыбы мен идеясын талдаңыз: *Романда қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалың мал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы жер дауы, жесір дауы кең көлемде сөз болады. Жазушы Ұлпан бейнесіне қазақ әйелдеріне тән асыл да құнды қасиеттерді жинақтайды.*

32. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында Ұлпанның болмысы қалай суреттелген? *Ұлпан – аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлі қоғам қайраткері. Ұлпан ата-анасының тұңғышы мен жалғыз болғандықтан, өте еркін өсіп, еркекшора киінген. Оның сезім байлығы, адамгершілігі, адалдығы, моральдық, тазалығы, ақылдылығы, зеректігі, зерделілігі, парасаттылығы, өткірлігі, өжеттігі келісті де көрікті бейнеленген. Сондай-ақ көркіне мінезі сай биязы да инабатты, сұлу да сымбатты. Ұлпан сөзге шешен, ақылды да, батыл қыз болып өседі. Ұлпанның мінезі де ашық жарқын, ақ көңіл. Әрі өз ой-пікірін ашық, нақты жеткізетін болған. Ұлпан – кең пейілді, адамгершілігі мол, Сибан елінің кедей-кепшігіне қол ұшын беретін әйел.*

33. Прототип дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: *Прототип – грекше – түп, төркін, негізгі бейне, әдеби шығарма кейіпкерінің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде бар адам, яғни, түпкі тұлға. Мысалы*

Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның прототипі – әнші Әміре Қашаубаев.

34. Хандық дәуір әдебиеті кезеңінің өкілдерін атаңыз.

Шығармаларына мысал келтіріңіз. Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, Шал ақын т.б.

35. Бұқар жырау өмір сүрген ханның кезеңіндегі арнау өлеңдерге мысал келтіріңіз: *«Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын».*

36. Жырау дегеніміз кім? Жыршыдан қандай айырмашылығы бар?

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.

Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айтатын адамдар «жырау», «жыршы», «ақын», «өлеңші», «термеші» деп аталған.

37. Толғау дегеніміз не? Мысал келтіріңіз: Толғау – қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған жанр.

Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Негізгі бейнелеу тәсілі – дидактика. Толғауда кейде күрделі, көлемді лирикалық туынды, тіпті сюжетсіз поэма дерліктей сипат алады. Құрылысы тирада пішінді, буын саны аралас, кейінгі даму кезеңдерінде өзгеріске ұшырап, біртіндеп тұрақталған. Толғау ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті. Бір мақам мен музыкалық аспаптың сүйемелдеуінде орындалады.

38. І. Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған шығармаларын атаңыз: *«Көшпенділер» трилогиясы, «Шыңғыс хан», «Алтын Орда» т.б.*

39. І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесі:

Кенесары батыр барлық іс-әрекетімен, ашу мен ыза, кек пен қаталдық, ақыл мен айлакерлік сияқты қасиеттерімен айқындала көрінген образ.

Белгілі мөлшерде Кенесары қазақ халқын патшаның және Қоқан хандығының құрсау қыспағынан құтқару үшін күрескен қайраткер болып көрінеді. Бірақ оның түпкі мақсаты бұл емес, оның арманы бұрынғы хандық дәуірді қайта орнату, қазақ елін Россиядан бөліп алып жеке хандық құру.

40. І. Есенберлиннің «Жанталас» романында қай хан тарих сахнасынан көрініс беріп, ерлігімен суреттеледі? Шапқыншылық емес, негізгі мақсат басқыншылықтан қорғану боп келетін дәуір бейнесі жасалған «Жанталас» романында Абылай әр қырынан суреттеледі, сан түрлі мінез, қасиетімен көрініс табады.

41. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының негізгі өзегі мен алтын желісін қалай түсіндірер едіңіз?

Трилогияның алтын желісі, негізгі өзегі – қазақ халқын саясат бұғауы, шовинизм құрсауымен беймәлім болып келген тарихын өзіне таныту.

«Адамзаттың нағыз шын тарихын тарихшы емес, суреткер жазады» – дейді М. Горький. І. Есенберлин осы принципті ту етіп ұстап, ғылымда сараланып бітпеген тарихтың қатпарларына тұңғыш рет қаламгер көзімен саяхат жасап, оқырман назарын көне тарихтың әлі ашыла қоймаған тың беттеріне аударады.

42. Ж. Аймауытовтың сыни мақалаларын атаңыз: *«Абайдан соңғы ақындар», «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Сұңқар жыр» атты еңбектері – автордың әдебиет жөніндегі, оның ерекшелігі туралы, жазушы шығармашылығын түсінудің ұстанымдары жайындағы ұғым – түсінігін, көзқарасын көрсете алатын елеулі туындылар.*

43. Ж. Жабаетовтың ұлттық рух төңірегінде жазылған қандай арнау өлеңдерін білесіз? *«Кененге», «Пушкинге», «Сүлеймен Стальскийге», «Қазақстан тойына», «Амангелді тойына», «Тоқтағұлға», «Сарыбайға», «Сыздық Сұлтанға», «Ақындарға арнау» т.б.*

44. М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында қай көлдің пейзажын бейнелеген және қандай суреттеу тәсілін қолданған?
Жетімкөл, кейінтеу.

45. М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында тәуіп шал ауру баланы емдеудің қандай жолын ұсынды? Баланы аққуменен аластауды айтты.

46. Қ. Жұмаділовтың «Қаздар қайтып барады» шығармасындағы қарттың туған жеріне жеткен кездегі алғашқы әрекетін атаңыз. Туған жерден түйіп әкеткен бір уыс топырағын төкті.

47. Д. Бабатайұлының «Аягөз, қайда барасың?» өлеңіндегі замана шындығын әңгімелеңіз: *Шығарманың идеялық мазмұны: дүние өзгерді, жер, су, адам, әкім-бәрі азды, тозды, бұзылды; енді бұл дүниені өзгертпесе, қазақтың бағы ашылмайды деген түсінік. Туған жердің қасіретін көру, арқыраған Аягөздің сол кездегі аянышты халін ақын ретінде жан-жүрегімен езіле егілу өкінішімен ұштасып жатады. Туған өлкесінің сұлу табиғатын ардақтап, өзін соны қорғаған қызғышқа теңейді.*

48. Д. Бабатайұлының «Еспенбет» дастанындағы басты кейіпкердің типін суреттеп, талдаңыз: *Еспенбет – тек алып күштің иесі ғана емес, сонымен бірге адал, ақ жүрек, кішіпейіл, көпшіл, барлығымыз үлгі тұтарлық батырлардың бірегейі. Ақын «алып ерді өсіретін – халық, ел жұрты екендігін айтып, ақын жастарға «әрқашанда еліңмен, жұртыңмен бол» – деп насихаттайды.*

49. М. Өтемісұлының елдік, ерлік тақырыбындағы өлеңдерін атаңыз және бір өлеңнен үзінді келтіріп, жатқа оқыңыз. *«Ереуіл атқа ер салмай», «Мен, мен, мен едім», «Толарсақтан саз кешіп», «Мұнар күн» т.б.*

50. М. Өтемісұлының жалғыздық тақырыбына арналған өлеңдерін атаңыз: *«Жалғыздық», «Мен – құстан туған құмаймын», «Арысты аңсау», «Өкініш» т.б.*

51. М. Өтемісұлының өлеңдеріндегі Исатай бейнесінің сомдалуына

мысал келтіріңіз: «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым» т.б. Исатайға арналған өлеңдерінде жоқтау басым.

52. Айтыс дегеніміз не? Айтыс түрлеріне мысал келтіріңіз:

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Мұндай қылықты қазақ айтысқыштық, ұтымшылық деп санамайды. Оны қазақ «сиыршылау» деп атайды.

53. «Сүйінбай мен Қатаған айтысында» көтерілген басты

тақырыпты атаңыз: Сүйінбай үш жүзді, батыр-бабаларымызды айтып, оның қазақ ақындарымен салыстыруға келмейтінін жырлайды. Ел арасындағы келеңсіздіктер ашылады. Сонда көппін деп мақтанған Қатаған өзінің жеңілгенін мойындап, құр алақан жібермейміз деп, сыйлыққа Мейіз атты сұлу қызды, алты қанат ақ орда, бүркіт, екі тазы ит сыйлайды. Асқа жиналған күллі қазақ пен қырғыздың ортасында Сүйінбай жеңіске жетеді.

54. Қ. Күржіманұлы өлеңдеріндегі ізгі қасиеттердің дәріптелуі мен

әділетсіздіктің сыналудың дәйектені: Қашаған – халық жырларын, Махамбет өлеңдерін жадында сақтап айтып келген, айтыстарға түскен, жеке тақырыптарға арнап өлеңдер де шығарған жан-жақты ақын. Қашаған ақынды ізгілік пен адамгершіліктің жаршысы десек болады. Оның өлеңдерінде ел басына түскен ауыр кезең тебіреніспен жырланып, туған ел қайғысы бейнеленеді. Кіші жүз қазақтарының өткені мен келешегіне толғанады. Мысалы, Каспий теңізі 1895 жылы тасып, жағадағы жеті болыс елді топан су басып, шерлі күйге түскен халықтың мұң-зарын «Топан суы басқанда» атты толғауымен танытады. Бұта-талына дейін қымбат үйреніскен қоныстың, тыныштығынан айрылған елдің жағдайын жырлайды. Ақын негізінен тіршілік құты – еңбекті дәріптейді. Ақынның жеке тақырыптарға жазған өлеңдерінің де әлеуметтік мәні жоғары, ойлы, парасатты. Қашағанның – «Ізбас ақынға», «Кетеден шыққан келінге», «Қыз сыйына», «Берекет ақынға», «Күнзина қызға», «Байұлы туралы», «Той бастар» тағы басқа өлеңдері ақын творчествосының кең арналы екендігін көрсетеді. Ақын мысқыл сөзге ұста.

55. М. Әуезов атаған «Зар заман ақындары» кімдер? Дулат

Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы.

56. М. Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығы туралы

айтыңыз: Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) – айтыскер ақын, жырау. Қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сеңгірбайұлына ұстаздық еткен. Мұрат Мөңкеұлы 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25-інде Жаскелең, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, жеңіп шыққан.

Мұрат Мөңкеұлы елінің тәуелсіздігін аңсап, бодандыққа қарсы жыр толғады. Зар заман ақыны атанды. Ата қонысының отарлаушы талауына түскеніне налыған ақын өзі туып өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алған. Оның «Әуелі жеңіп орыс Еділді алды, Сарытау, Аштарханның жерін алды. Тәмамы су мен нуды орыс ұстап, Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны», «Қазақтың жер-мұрасы», «Кең қоныс қайдан іздеп таптырады?» деген жыр жолдары ақынның отаншылдық рухына дәлел болады.

Ақынның басты шығармасы – «Үш қиян». Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылуын сөз етеді. «Үш қиян» толғауымен «Сарыарқа», «Әттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе – жер, құтты қоныс жайы. Ол «Қарасай – Қазы», «Шәлгез», «Ғұмар Қазыұлына айтқаны» атты жырларына діни аңыздарды негіз еткен. «Өлім», «Қыз», «Арғымақ сыйлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғанышы фәни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үңіліп, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, сұлулық хақында толғанады. «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған. Ақын «Қырымның қырық батыр» жырын, Шалкиіз, Қазтуған шығармаларын жеткізушілердің бірі болған.

57. Ш. Уәлиханов туралы жазылған шығармаларды атаңыз:

Ә. Марғұлан «Шоқан және Манас», С. Бегалин «Шоқан асулары», С. Көбеев «Бала Шоқан», С. Мұқанов «Жарқын жұлдыз» т.б.

58. Ш. Уәлиханов және оның зерттеушілік қыры жөнінде әңгімелеңіз: Ш.Уәлихановтың тарих, география, әдебиет саласындағы зерттеу еңбектері Петербург ғалымдарының назарына ілігіп, құнды ықылас-ілттипаттарына ие болады. П.П.Семенов-Тянь-Шанский өзінің Жетісу бойындағы зерттеулерін жүргізген кезде Шоқан пікіріне үнемі ден қойып, ақылдасып отырған. Ыстықкөл сапарында біраз жерлерді бірге аралаған. Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынуымен 1857 жылы 27 ақпанда Шоқан Орыс География қоғамының толық мүшелігіне сайланады.

1858-1859 жылдары Шоқанның «Жарық жұлдыз», «Қашқария сапары» оны ғылыми-зерттеушілік, ағартушылық саласында жаңа биікке көтерді. Ол кезде Қашқария Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Еуропа ғылымы үшін белгісіз, құпиясы мол ел болатын. Себебі, XII ғасырдың соңғы ширегінде Марко Поло, 1603 жылы саяхатшы Голе Қашқария жерінде болғаннан кейін, бұл өлкеге ешкім аяқ баспаған Шоқаннан бір жыл бұрын Қашқарияға Үндістан арқылы барған немістің белгілі географы Адольф Шлагинвейтті жергілікті билеушілер басын кестіріп өлтірткен. Адольфтің бұл қайғылы тағдыры жөнінде алғаш мәліметті жеткізген Шоқан болды.

1870 жылдары Петербургте Шоқанның «Жоңғария очерктері», «Алты шаһардың немесе Қытайдың Хан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы», «Адольф Шлагинтвейттің өлімін әкелген жағдайлар туралы мәліметтер» т.б. еңбектері жарияланды.

59. Ш. Уәлиханов туралы айтқан өзге ғалымдардың пікірлеріне

мысал келтіріңіз: П.П.Семенов: «Ұлттық аймақтардың ішінде ең оқыған, білімді адамдардың бірі еді»; **Н.И.Веселовский:** «...Шоқан Уалиханов шығыстану әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының бәрі де ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының дағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті»; **Т.Н.Потанин:** «Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да білім, идея жағынан басып озды.

60. Әлеуметтік теңсіздік тақырыбына арналған шығармаларды атаңыз: М. Дулатұлы «Бақытсыз Жамал», Мұхаммед Әмен «Қыз тағдыры», С. Көбеев «Қалың мал», С. Торайғыров «Қамар сұлу», Ж. Аймауытов «Күнікейдің жазығы» т.б.

61. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі тәрбие тағылымын талдаңыз:

Ы. Алтынсариннің тәрбиелік мәні зор «Сәтемір хан», «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Қыпшақ Сейітқұл», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Бір уыс мақта», «Бақша ағаштары», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Асыл шөп», «Талаптың пайдасы» т.б. шығармалары бар.

62. А. Құнанбайұлының қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарын атаңыз: Абай орыс аудармаларын аударып отырып, қазақтың қара өлеңі ұйқасынан бөлек ұйқастар енгізген, яғни жаңалық енгізген ақын. Ұйқас түрінен: егіз ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқас түрлері енді. Сондай-ақ, буын, бунақ, тармақ сандары жағынан да жаңалық әкелді.

63. А. Құнанбайұлының «Ескендір» дастанының негізгі тақырыбы мен идеясын анықтаңыз: *Ескендір поэмасы* – Абайдың гуманистік көзқарасын тереңірек танытатын елеулі сюжетті туындысы.

Поэма Шығыста Ескендір Зұлқарнайын деген атпен белгілі, Еуропада Александр Македонский аталатын ежелгі грек қолбасшысының өмірі жайындағы аңызға құрылған. Ескендірді Еуропа ақындары да, Шығыстың Фирдоуси, Низами, Әлішер Науаи, Жәми сияқты ұлы ақындары да жырларына қосқан. Абай бұл тақырыпты ескі үлгінің ешқайсысын алмай, өзінше жырлаған. Ақын Ескендірдің өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық саясатын сынауға ауысады. Соған орай поэмаға жас кезінде Ескендірдің тәрбиешісі болған ұлы философ-гуманист Аристотельді кіргізеді. Әңгімеде жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін көрсете келіп, әділдік, даналықты соған қарсы қояды. Қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақтарды ақылға шештіреді.

64. Абай мен Шәкәрім шығармаларының үндестігін ашыңыз:

Қазақ халқының ой алыптары Абай және Шәкәрім тағдыры мен шығармашылығында ұқсастықтыр мен айырмашылықтар бар. Олардың

есімдері ылғи бірге аталады: аға және іні, рухани туысқандар, ұстаз және шәкірт, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан. Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.

Қазақ фольклоры, шығыс классикасы, батыс мәдениеті екеуіне ортақ дүниетанымның қайнар бұлағы болса, осы дүниетанымды игеруге көмектескен өз тәлімгерлері болған. Ағартушылық жолына, ғылым жолына мені әкелгендер деп Абай ағасы Халиолланы, әжесі Зерені, орыс достарын атап кеткен. Ал, Шәкәрім шәкірттік ризашылығын атасы Құнанбайға, ағасы Абайға білдірген. Сондай-ақ, Абайдың «Қарасөздері» – қазақ философиясының негізгі ой түрткісі болса, Шәкәрімнің «Үш анығы» – қазақ философиясының шыңы. Форма жағынан Абай туындысы әдеби эссе болса, «Үш анық» – трактат.

65. М. Ж. Көпейұлының фольклортанушы екендігін айқындайтын шығармаларын атаңыз: М.Ж. Көпейұлы ел арасынан: «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алтынбас – Күмісаяқ» т.б. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» тәрізді басқа шығармаларды да жинаған. «Қозы Көрпеш –

Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын Мәшһүр Жүсіп 1866 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз. Ал «Алтынбас – Күмісаяқ» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін жинаған В.Радлов екендігін Мәшһүр Жүсіп көрсетіп кеткендігінің де куәсі болдық. Бұл үлгілерді Мәшһүр Жүсіп В.Радлов жинағынан ала отырып, олардың бәрін қолжазбаның әр жеріне шашыратпай, бір жеріне ғана топтастыра орналастырған. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде «Сайын батыр» жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген де дерек бар.

Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған – «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

66. М. Ж. Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанының көтерген тақырыбы мен идеясын анықтаңыз: М.Ж.Көпейұлы дастан кейіпкерлерінің кейбір іс-әрекеттеріне сын-баға берумен қатар, белгілі бір жағдайға байланысты гибрат, уағыз-насихат айтып, гашықтық тақырыбын баса жырлап, «әділ патша» мотивіне назар аударған. Мәшһүр-Жүсіп нұсқасының тағы бір құндылығы – ақынның уағыз, ақыл-кеңес айтып отыруында. Адамның жасаған жақсылық-жамандығының бәрі алдына келетіндігін сөз етіп, жаман істерден аулақ болуға шақырады. Дастанның тағы бір құндылығы ақынның зұлымдық жасаған адамы өзінің қателігін мойындайды.

67. Н. Орманбетұлының «Сарыарқа, сайран жерім-ай» өлеңіндегі заман кейпін талдаңыз: *Ақынның «Сарыарқа, сайран жерім-ай» өлеңінде қазақ жұртының ауыр қайғысы суреттеледі. Бұл қайғы 1916 жылғы патшаның июнь жарлығының әсерінен туған болатын. Ақынның көңілінде мұң, сөзінде аңсау бар. Өткенді сағыну, еске алу, сол күніне наразылығы бар. Астарында тек жанында сабырлылықты медеу еткен халықтың келбеті жатыр. «Ай!» дегенінің өзінен-ақ көрініп тұр. Сарыарқаның кең жазира даласын, өткелді өзенін, салқын самалының киесін асқақтатқан бұл жырда ұлт кешіп жатқан ауыр уақыт айтылады.*

68. Әнші-ақындар шығармашылығына мысал келтіріңіз: *Әнші-ақындар поэзиясы – қазақ әдебиетіндегі ерекше дәстүр.*

Әнші-ақындар поэзиясының ерекше дамыған кезі – 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басы. Қазақстанның әр өлкесінен шыққан өнерпаздар халыққа өнер көрсете жүріп, әншілік-өнер мектептерін, орта дәстүрін орнықтырды. Арқадағы Біржан сал мен Ақан сері маңына бір шоғыр талантты топ жиналса, Маңғыстауда «Адайдың жеті қайқысы» деген атпен белгілі сал-серілер – Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді, Әділ, Өскінбай ел аралап өнер көрсетті. Әнші-ақындар композиторлық дарынмен бірге тыңдаушысын арбап алатын сазы, құдіретті даусымен жұртшылыққа танылған. Көпшіліктің ықыласына бөленген. Біржанның «Әңгіме сегіз дуан таңырқаған», «Пар келмеген еш әнші тіпті маған», Әсеттің «Әсеттей сал, ән салсаң, аңыратып, Орман, тоғай, өзенді жамыратып», «Әуелетіп ән салса, әнші Әсет, аққумен аспанда тілдеседі» деуі тегіннен тегін шықпаған. Олар қазақ әнінің классик, биікке жетіп, формалық, әуендік жағынан байи түсуіне шексіз үлес қосқан. Арқадағы үлкен әншілік орта Біржан сал, Батыс Қазақстандағы өншілік мектеп Мұхит атымен, Сыр бойындағы гармонмен айтылатын бір мақам дәстүрі Нартаймен байланысты. Әнші-ақындар көбіне пәк таза махаббатты, сұлу әйел сипатын жастық шақ, жігіттік арман, ар-намыс бостандығын жырлауға ден қойды.

69. Біржан сал шығармашылығы және оның ақындық, сазгерлік қырының қалыптасуына ықпал еткен ұстаздарын атаңыз:

Біржан сал – қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін, халық музыкасын жаңа белеске көтеріп, өз шығармаларымен толықтырған ірі тұлға. Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Ғазиз, Естай, Үкілі Ыбырай, Жарылғанберді т.б. Арқаның атақты ақын-әншілері Біржан салдың мектебінен өнеге алып, оның композиторлық өнерін жалғастырған және ілгерілеуіне мол үлес қосқан өнерпаздар.

«Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Бірлен», «Ғашығым», «Мәті-Дәулен» сияқты әндер Біржан сал шығармашылығындағы шоқтығы биік, сыршыл шығармалар. Заманының әділетсіздігіне, зорлық-зомбылығына деген Біржан салдың наразылығы, өкініш үні тіпті, оның өмірінің соңғы кезеңінде шығарған «Теміртас», «Қарасу есік алды» деп аталатын трагедиялық әндерінен де айқын сезіледі.

Шөже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нүркей, Сегізсері, Арыстан
сынды өнер иелері – Біржан салдың ұстаздары.

70. Ақан серінің әйел теңсіздігін жырлаған өлеңдерін атаңыз:

Ақан серінің әйел теңсіздігін күйіне жырлаған «Сырымбет», «Үш
тоты», «Балқадияша», «Ұрқияжан» т.б. өлеңдері бар.